



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2022 жылғы 30 наурызды жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрдің
бірінші орынбасары
Р.В. Склярға**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Роман Васильевич!

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Өңірлерге іссапар барысында халықпен, әр түрлі салада жұмыс атқаратын, соның ішінде ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлермен кездесіп, бірқатар ұсыныстары мен талап тілектерін тыңдадық. Кездесу барысында Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы саласында орын алып жатқан кемшіліктер мен түйіткілді тұстар жетерлік екеніне көзіміз жетті. Солардың ішіндегі ең өзекті мәселенің бірі – жер салығы.

Шымкент қаласына республикалық маңызы бар қала статусын берер алдында қаланың бас жоспары бірнеше рет қаралып, өзгерген болатын. Бас жоспар жасалған кезде Түркістан облысының Ордабасы, Сайрам және Төлеби аудандарының біршама ауыл шаруашылығы жерлері Шымкент қаласының аумағына өткен.

Бірақ өкінішке орай, бұл өзгерістер шаруа қожалықтарына салық бойынша үлкен ауыртпалық тудырды. Қазіргі таңда шаруалар егістік жердің салығын гектарына емес, шаршы метіріне төлеп отыр. Нәтижесінде егістік жерге миллиардтаған салық есептеліп отыр, мұның барлығы өз кезегінде өңірдегі ауыл шаруашылығы саласының ақсап жатқандығының бірден-бір себебіне айналуда.

Мысал ретінде, осындай зардап шегіп отырған шаруа қожалықтарының бірі 2014 жылы Шымкент қаласының аумағына өткен, Абай ауданы қарасты Ақтас тұрғын алабындағы «АГРО сервис - БМБ» өндірістік кооперативі.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 505 – бабына сәйкес Шымкент қаласы бойынша елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер алаңның бір шаршы метріне есептегенде 9,17 теңге мөлшерінде белгіленген.

Аталған кооперативте 3 000 га – ға жуық ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері (тәлім жер) бар және кооперативтің осы жерге жылына шамамен 1 шаршы

№ исх: ДС-100 от:

метрге 9,17 теңгеден төлегенде салық мөлшері – 275 100 000 теңгені құрайды. Ал 3 жылға төлейтін болса 825 300 000 теңгені құрап отыр. Бірақ бұл кооперативтің жылдық табысы салық сомасынан 2 есе аз болып келеді, сонымен қатар соңғы 5 жылдан бері құрғақшылық болуына байланысты шығыны өзін өзі жаппай қалуда. Бүгінгі таңда Шымкент қаласы бойынша мемлекеттік кірістер комитеті аталған кооперативтің 2019, 2020, 2021 жылдарға салық төлемегені үшін жеке есеп шоттарын бұғаттап тастаған.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Жер кодексі 108 бабының 6 тармағына сәйкес – Жер учаскелерін қала, кент, ауыл шегіне қосу осы учаскелерге меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын тоқтатуға әкеп соқпайды – деп атап көрсетілген.

Бүгінгі таңда Шымкент қаласында ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер көлемі 62,600 га құрап отыр және 5000-ғы жуық шаруа қожалықтары тіркелген. Өкінішке орай барлық шаруа қожалықтарында осы сипатта қиындықтар туындауда және алдағы уақытта бұл жағдай үлкен дауға айналу қаупі бар.

Сонымен қатар өздеріңіз білетіндей, ағымдағы жылғы 16 наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» атты Қазақстан халқына Жолдауында – еліміздегі әкімшілік-аумақтық құрылымның оңтайлы болуы үшін Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының аумағында қосымша Абай, Ұлытау, облыстары құрылатыны және Алматы облысын екіге бөле отыра Алматы және Жетісу облыстары құрылатыны және жаңа облыстар орталықтары Семей, Жезқазған, Қапшағай, Талдықорған қалалары болатыны жөнінде атап өткен болатын.

Осыған орай, құрметті Роман Васильевич аталған мәселені шешу бойынша қала аумағына өткен елді мекендердегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге арналған жаңадан базалық салықтық мөлшерлемелер анықтау және салықтық мөлшерлемелерді бір шаршы метріне емес, гектарына есептеу қажет деп санаймыз.

Егерде Үкімет шұғыл түрде нақты шаралар қабылдасаса Шымкент қаласының шаруа қожалықтарындағы салыққа қатысты орын алып отырған қиыншылықтары жаңадан құрылатын облыс орталықтарында қайталанатынына күмәніміз жоқ.

Депутаттық сауалды қарауды және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
«AMANAT» партиясы Фракциясының мүшелері**

**Б. Оспанов
Б. Бекжанов
Қ. Абасов
Ғ. Ташқараев**

*Орын.: А. Әлімғожаев
Тел.: 74-64-16*



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

Оғлашен 30.03.2022 г.

**Первому заместителю
Премьер – Министра
Республики Казахстан
Скляр Р.В.**

ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

Уважаемый Роман Васильевич!

В ходе визита в регионы депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан встретились с населением, предпринимателями в различных сферах, в том числе в сфере сельского хозяйства, выслушали ряд предложений и пожеланий. В ходе встречи мы убедились, что в сфере сельского хозяйства г.Шымкент достаточно недостатков и проблем. Один из самых актуальных вопросов – земельный налог.

Перед присвоением г.Шымкент статуса города республиканского значения генеральный план города неоднократно пересматривался и изменялся. На момент составления генерального плана часть сельскохозяйственных земель Ордабасинского, Сайрамского и Толебийского районов Туркестанской области перешла на территорию города Шымкент.

Но, к сожалению, эти изменения вызвали большую нагрузку по налогам на крестьянские хозяйства. В настоящее время крестьяне платят налог на пахотную землю не за гектар, а за квадратный метр. В результате исчисляется миллиард налогов на несколько тысяч гектаров пашни, что в свою очередь становится одной из причин, по которой сельское хозяйство в регионе хромает.

В качестве примера, одним из таких пострадавших крестьянских хозяйств является производственный кооператив «АГРО сервис - БМБ» в жилом массиве Актас Абайского района, который в 2014 году перешел на территорию города Шымкент.

В соответствии со статьей 505 Налогового кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» базовые налоговые ставки на земли населенных пунктов по городу Шымкент установлены в размере 9,17 тенге в расчете на один квадратный метр площади.

Данный кооператив имеет около 3 000 га земель сельскохозяйственного назначения (богарных земель) и размер налога при оплате кооперативом этой земли

№ исх: ДС-100 от:

30.03.2022

по 9,17 тенге за 1 кв. м в год составляет – 275 100 000 тенге. А если платить за 3 года, то 825 300 000 тенге. Но годовой доход этого кооператива в 2 раза меньше суммы налога, к тому же потери из-за засухи за последние 5 лет остаются массовыми. На сегодняшний день Комитетом государственных доходов по городу Шымкент заблокированы лицевые счета данного кооператива за неуплату налогов за 2019, 2020, 2021 годы.

При этом, в соответствии с пунктом 6 статьи 108 Земельного кодекса Республики Казахстан – включение земельных участков в черту города, поселка, села не влечет прекращения права собственности или права землепользования на эти участки.

На сегодняшний день в городе Шымкент площадь земель сельскохозяйственного назначения составляет 62 600 га и зарегистрировано около 5000 крестьянских хозяйств. К сожалению, во всех крестьянских хозяйствах возникают трудности такого характера, и в дальнейшем эта ситуация грозит перерасти в большой спор.

Вместе с тем, как вы знаете, 16 марта текущего года Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в Послании народу Казахстана «НОВЫЙ КАЗАХСТАН: ПУТЬ ОБНОВЛЕНИЯ И МОДЕРНИЗАЦИИ» отметил, что для оптимального административно-территориального устройства страны на территории Восточно-Казахстанской, Карагандинской областей дополнительно будут созданы Абайская, Улытауская области, разделив Алматинскую область на две части будут созданы Алматинская и Жетысуская области, а центрами новых областей станут города Семей, Жезказган, Капшагай, Талдыкорган.

В этой связи, уважаемый Роман Васильевич, считаем необходимым по решению данного вопроса определить новые базовые налоговые ставки на земли сельскохозяйственного назначения в населенных пунктах, перешедших на территорию города, и рассчитать налоговые ставки не на один квадратный метр, а на гектар.

Если Правительство в срочном порядке не примет конкретных мер, мы не сомневаемся, что проблемы с налогами в крестьянских хозяйствах города Шымкента повторятся во вновь создаваемых областных центрах.

Просим рассмотреть депутатский запрос и о принятых мерах предоставить ответ в письменной форме в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан.

**С уважением,
депутаты Мажилиса Парламента
Республики Казахстана,
члены Фракции партии «АМАНАТ»**

**Б. Оспанов
Б. Бекжанов
К. Абасов
Г. Ташкараев**

*Исп.: Алимгожаев А.
Тел.: 74-64-16*